



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

5 - фактор. Субъективті рейтинг бойынша талдау

Кәсіпкерлерге жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша өңір 11-орынға ие болады. Кәсіпкерлер әртүрлі факторлар бойынша орташадан айырмашылығы шамалы не болмаса төмен деуге болатын баға берді:

- «мемлекеттік қолдау» факторы бойынша орташа баға 2,40 болғанда - 2,19;
- «адами ресурстар» факторы бойынша орташа баға 3,01 болғанда – 2,98;
- «әкімшілік реттеу» факторы бойынша орташа баға 3,43 болғанда – 2,94;
- «жылжымайтын мүлік және инфрақұрылым» факторы бойынша орташа баға 2,94 болғанда – 3,07.
- «қаржылық ресурстар» факторы бойынша орташа баға 2,33 болғанда - 2,46.

Статистикалық деректер мен кәсіпкерлерге сауалнама жүргізу нәтижелерін талдау Астана қаласында қаржылық емес қолдауға қолжетімділікке және реттеу ортасына баса назар аудару қажеттігін көрсетті.

Астана қаласындағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму дәрежесі көрсеткіші бойынша, мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерлерге қатысты іс жүргізуі жағымды және жағымсыз субъектілер әсерін бөліп алды, яғни 50% көрсеткішті көрсетеді. Кәсіпкерлердің көпшілігі қиын жағдайларға, соның ішінде салық комитетінің жоспардан тыс тексерісі кезінде тап болатындығы туралы айтады, алайда соңғы жылдары салық төлеу қызметі операциялары электронды форматқа өтті.

Ал жемқорлық мәселесіне келсек, қала ішінде аса үлкен көрсеткішті құрамағанмен, шекара қызметіне қатысты бұл құбылыс 30% шамасында. Басқа өңірлерге қарағанда, Астана қаласының кәсіпкерлері қаржылық мәселеге негативті пікірлерін білдірді. Банктік шағын несиелерге қол жеткізу мүмкіндігі өте төмен. Ол құжаттар жинау процесінің толықтай бюрократиялануы мен берілген ақшаның мемлекет тарапынан қатаң қадағаланатынымен тікелей байланысты.

Мемлекеттік бағдарламалардың көпшілігі жеке кәсіпкерлерді қолдауға бағытталғанның өзінде, ол туралы Астана кәсіпкерлерінің ақпараттану дәрежесі төмен. Бұл жағдайдың қадағаланбауы мемлекеттік бағдарламалардың дұрыс, толықтай жүзеге асуына мүмкіндік бермейді.

Көлік инфрақұрылымының Астана қаласында жақсы қарқынмен дамып келе жатқанын қала тұрғындары растайды. Адам ресурстарының сапасы да, саны да Астана қаласының кәсіпкерлерін толық қанағаттандырады, бірақ Қазақстан Республикасында басқару ісі мен кәсіби мамандардың деңгейін үнемі жетілдіруге көңіл бөлінуі тиіс.

Астана қаласында тіркелген кәсіпкерлердің жартысынан астамы 3 жылдан бері жеке іспен айналысса, әрбір үшінші кәсіпкердің ісіне 1-3 жыл болған, тек кәсіпкерлердің 15% ғана осы салада орныққандар. Өңірлерден Астана қаласына көшіп келудің өзі жеке тұлғаға шаруашылық мотивтер пакетін ұсынады. Жалпы алғанда, Астана мен оған жақын орналасқан аудандарда кәсіпкерліктің даму болашағының позитивті тұстары басымырақ.

Қолданылған әдебиет

1. The global competitiveness report 2012-2013. World economic forum.
2. Doing business 2014. Smarter Regulations for Small and Medium-Size Enterprises.
3. Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттігі www.stat.gov.kz
4. Экономикалық зерттеулер институтының деректері «Қазақстан: кәсіпкерлік климат–2013» www.economy.kz
5. Деловой климат России: «Индекс опоры–2012» www.new.opora.ru

УДК 316.356.2

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӨЗГЕРІСТЕР

Уразбаев Бекзат

Әлемде жаһандану процесі жүріп жатыр, ол бірегей экономикалық әлемнің құрылуына бағытталады. Бірақ жаһандану үрдісі тек экономикалық салаларды ғана өзгеріске ұшыратып ғана қоймайды, ол басқа қоғамдық әлеуметтік институттарға өз ықпалын тигізіп отыр. Соның ішінде қоғамдағы негізгі институттың бірі - бастапқы топты құрайтын отбасы институты да өзгерістерге ұшырады.

Соңғы кездері отбасы мәселесі тек қана әлеуметтанушылар назарын ғана емес, басқа қоғамдық ғылымдар саласы өкілдерінің назарын аудартып жүр. Мәселенің өзектілігі – заманауи қоғамда жас отбасылардың динамикасындағы тың өзгерістер. Ажырасу санының артуы, нуклеарлы отбасылардың көбеюі және некеге отыру жасының ұзаруы сияқты өзгерістер заманауи отбасылық қатынастарға тән.

Отбасы үлгілері және отбасылық қатынастар мәселесі - бірқатар зерттеушілердің назарындағы тақырыптардың бірі. Осыған дейін отбасы мәселесіне қатысты жалпы әлеуметтанулық зерттеулердің жүргізілгендігін айтып кеткен жөн. Атап айтқанда, З.Ж.Жаназарованың «Сельская семья в период трансформации казахстанского общества», А.С.Жолдубаеваның «Современная семья как феномен культуры» және Қ.Б.Баудиярованың «Оңтүстік Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығы мен сақталу мәселелері» атты зерттеулері.[1]

З.Ж.Жаназарова өзінің зерттеуінде қоғам трансформациялануы барысында орын алған өзгерістерді көрсетіп береді. А.С.Жолдубаева мақаласында заманауи отбасының репродукциялық функциясы және оған ықпал ететін факторларға шолу жасайды. Ал Қ.Б.Баудиярова өз зерттеу жұмысында некеге отыру жасының ұзаруы және неке сақталуы жайлы айтып өтеді. Осы зерттеулерді негізге ала отырып, Астана қаласының кеңістігінде қандай трансформацияның орын алып отырғанын және неке жасының ұзаруына қандай әлеуметтік-экономикалық факторлар себеп болып отырғандығы сараланады.

Өз жұмысында А.С.Жолдубаева отбасы институтының функцияларында өзгеріс бар екенін көрсетеді. Соның ішінде ол отбасылардың репродуктивті қызметінің әлсіреуіне жаңа отбасылық үлгілердің қалыптасу ықпалын атап өтеді. Автор қоғамдағы тұрақты халық өсімі үшін 24% екі балалы, 35% үш балалы, 20 % төрт балалы, 7 % бес және оданда көп балалы, және 14% бір балалы және баласыз отбасылар болуы керек екендігін айтады. Бұл тенденцияның Қазақстандағы көрінісі мынада: 80% жуық 1-2 балалы отбасылар. Сонымен қатар зерттеуші бұл жағдайдың ауылдық және қалалық жерлерде әр түрлі екендігін көрсетеді. Ауылдық жерлерде 1-2 балалы отбасылар 12 % құраса, ал қалалық жерде 65 % құрайды. Осы статистикалық мәліметтер арқылы қазіргі қоғамдағы заманауи отбасылық үлгі таралып отырғанын хабарлайды. [2.]

Қазіргі кезде отбасылардың әлеуметтік-экономикалық стратегияларына әсер ететін факторлардың бірі - жастардың некеге отыру мақсаттары мен неке тұрақтылығы. Жастардың көп бөлігі некеге отырып, отбасын құруға асықпайды. Өйткені өзінің материалдық жағдайын толық қамтамасыз етіп алғысы келеді. Осыған орай неке құру жасының да ұзарып бара жатқандығын көруге болады.

Қ.Б.Баудиярова жұмысында жастар арасында неке құру жасының өзгеруі жөнінде ой қозғайды. Жастар арасында неке құру жасы 20-24 болса, қазіргі жастардың арасында 24-29 жас аралығында үйлену үрдіске айналып келеді. Оған қоса неке құру жасының біршама өскендігі байқалады. Ауылдық жерде тұратын тұрғындар қалаға қарағанда некеге ерте отырады. Қаладағы жастар отбасын құруға асықпайды, себебі жоғары оқу орнына түсу, жақсы жұмысқа орналасу, материалдық жағдайды қамтамасыз ету бірінші кезекте тұрады. Сонымен қатар, қалада пәтердің жоқтығы немесе ата-анасымен бір пәтерде тұру некеге

отыруға кедергі келтіреді. Қалалық жерде жастардың бір-бірімен танысуына көрші тұру, бірге қызметтес болу, оқу, демалыс орындары, іссапарлар және т.б. себептер әсер етеді [3, 136.]. Неке құру жасының ұзаруы қоғамда басқа да әлеуметтік мәселелер туындауына себептігін айтады. Қ.Б.Баудиярованың мақаласында жастар арасындағы неке құру жасының ұзаруы және бүгінгі қоғамдағы некелер сақталуы жайлы айтылады. Автор соған ықпал етіп отырған әлеуметтік–экономикалық факторларды көрсетіп өтеді.

Зерттеуші З.Ж.Жаназарова қазіргі қоғамдағы жастар арасында қалыптасқан стереотиптерді негізге ала отырып, неке құруға қатысты бірнеше көзқарастарды атап көрсетеді. Олар: 1) некеге деген теріс көзқарас, оның қажетсіздігі, 2) болашақ жарын таңдаудағы жоғарғы талап, яғни адам өз ойындағы адамды таппаса өмір бойы жалғыз өтуге дайын, 3) таңдаудың орташа түрі, адам ұнатқан жарын кездестірсе неке құруға даяр, 4) таңдаудың төменгі түрі, адамға некеден басқа ешнәрсе керегі жоқ, некені өзіндік бағалаудан жоғары қояды [3, 2576.]. Сонымен қатар автор қазіргі жастардың көпшілігі неке құрғанда материалдық жағдайға қатты назар аудару тенденциясы жүріп жатқандығын көрсетеді. Бұл еңбекте автор заманауи қазақ отбасыларын және олардың мәселелерін көрсетеді. Бүгінгі күнгі жас отбасылардың функциялық дамудың позитивті және негативті жақтары айтылады.

Неке тұрақтылығына әсер ететін тағы бір фактор – *жұбайлардың білім және мәдени дәрежелерінің әртүрлі болуы*. Соған байланысты ішкі отбасылық қатынас өзгеріп отырады [3, 186.]. Жұбайлардың мәдени және рухани жағдайларының әртүрлі болуы, неке тұрақтылығына кері ықпал ететін факторлар болып табылады. Осындай факторлардың жиі кездесуі отбасылардың ажырасуына өз әсерін тигізбей қоймайды. 2013 жылдың ақпан - қазан айларында 155,3 мың неке тіркелген (өсім 1,5%), ал ажырасулар 47,3 мың (өсім 4,9%). Елімізде 3,3 млн. отбасылық жұп бар. Соңғы жылдары неке мен ажырасулар санының абсолюттік өсімі халықтың жалпы құрылымында 25 пен 35 жас аралығындағы жастық категориядағы адамдар санының көп болуы [5.].

Отбасылардың ажырасуларына ең негізгі себептердің бірі ретінде әлеуметтік-экономикалық жағдай, жұбайлардың бірінің біліксіз болуы, жұмыссыздық және қазіргі таңда өзекті болып отырған некедегі жұптардың жыныстық белсенділігінің төмен болуы қарастырылады. Некедегі жұптардың денсаулығы мәселесі де аса маңызды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасында отбасылық қатынастардың негативті көрінісі ретінде ажырасу динамикасы жоғары болып отыр. 2013 жылғы 1000 адамға шаққандағы аймақтардағы ажырасу көрсеткіштері:

- 1) Қарағанды - 3,83
- 2) Павлодар - 3,81
- 3) Қостанай - 3,47
- 4) Астана - 3,42
- 5) Алматы - 3,46
- 6) Шығыс Қазақстан - 3,35
- 7) Солтүстік Қазақстан - 3,18
- 8) Ақтөбе - 3,01
- 9) Ақмола - 2,90
- 10) Батыс Қазақстан - 2,80
- 11) Атырау - 2,69
- 12) Қызылорда - 2,34
- 13) Алматы облысы - 2,27
- 14) Маңғыстау - 2,22
- 15) Жамбыл - 2,11
- 16) Оңтүстік Қазақстан - 1,55 [5].

Аймақтар бойынша ажырасу көрсеткіштерінің әр түрлі болуын бірнеше категориялармен түсіндіруге болады. Соның ішінде аймақтардың индустриялану, урбандалу деңгейімен байланысты тұрғындардың демографиялық стратегиясын айтса болады. Ажырасу көрсеткіші ең жоғары аймақтар индустриялық даму деңгейі, ұлттық

құрамы жағынан ерекшеленеді. Кеңестік және посткеңестік кезеңде үстем мәдени үлгілер осы аймақтарда жаңа отбасылық үлгілердің, соның ішінде шағын отбасылардың көбеюіне мүмкіндік берді. Әртүрлі ұлт өкілдерінің отбасылық стратегиясының өзіндік ерекшеліктері бар екенін тарихи, этнографиялық, әлеуметтанулық зерттеулер көрсетіп отыр. Бір ғана көпұлттылық факторын қарастырсақ. Мысалы, 2007 жылғы есеп бойынша Қарағанды қаласы тұрғындарының 47,9% орыс ұлты өкілдері құраса, небәрі 33,2% қазақтар құрап отыр, ал Павлодарда 2014 жылғы есеп бойынша 45,5% - орыстар, 42,80% - қазақтар. Енді ажырасу көрсеткіші төмен екі аймақтың ұлттық құрылымына назар аударайық. 2010 жылғы есеп бойынша Жамбыл облысында қазақтар 69,23%, орыстар 13,59% құрайды. Оңтүстік Қазақстан облысында қазақтар 69%, орыстар 7,2 % көрсетіп отыр[5]. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында қазақтардың басым болуы, отбасылық қатынастардың дәстүрлі сипатын сақтауы ажырасу көрсеткіштеріне ықпал етіп отыр. Бұл аймақта дәстүрлі патриархаттық, патрилиниялық, бірнеше ұрпақтан тұратын ұлғайтылған отбасы дәстүрі сақталған. Дегенмен, осы аймақтарда жаңа отбасылық үлгілердің қарқынды даму мүмкіндіктері бар екенін байқауға болады. Зерттеуші З.Ж.Жаназарова қазақ қоғамының трансформациялануы барысындағы қазақ отбасының жағдайын назарға ұсынады. Қазақ отбасыларында функциялық өзгерістер орын алғанын көрсете отырып, оған ықпал етіп отырған көптеген факторларды атайды. Ауылдық және және қалалық жердегі отбасылардың арасындағы айырмашылықтарғы талдау жүргізеді. Ауылдық жерлерде отбасылық байланыстар аясы кең болғанына қарай ондағы жауапкершілік деңгейінің төмендеуіне тигізер әсері барын көрсетеді. Ал қалалық жерде байланыстар аясы тар болып келеді, осыған орай әркім тек өз отбасы үшін ғана тез және ұтымды шешім қабылдайтынын айтып өтеді. [6, 133-137б.]

Қазіргі кезде жас отбасылардың неке құрып, отбасы болу үрдісінің дәстүрлі қоғамға қарағанда көптеген ерекшеліктерінің болуы, отбасы институты құрылымындағы өзгерістер қатарын сипаттайды. Бүгінгі күні ел арасында «жоспарлы неке» түсінігі пайда болып отыр. Осындай түсініктер тууына не жағдайлар әсер етіп отыр десек, әрине ең алғаш экономикалық жағдайдың бірінші орында тұруы еш күмән тудырмайды. «Жоспарлы неке» жағдайында отбасына қашан және қанша бала әкелу, оған тәрбие беру мәселесі жұбайлардың жоспарлары арқылы жүзеге асып отырады. Бұл неке түрінің біздің қоғамға әкелер кері ықпалы басым болмақ.

Соңғы он жылдың ішінде ғылыми әлеуметтанулық әдебиеттер мен көпшілік танымал жазбаларда «отбасы дағдарысы» термині қолданысқа еніп, заманауи отбасылық мәселелерді қабылдаудың өзіндік стереотипін құрады. Кейбір жағдайларда бұл термин нақты бір салада ортақ жағдайларды түсінудегі негізгі пунктті белгілеу үшін пайдаланылатын аксиома ретінде қолданылады және әлеуметтік дағдарысы мен фамилизмнің (адамдар үшін отбасы құндылық болмай, некеге тұруға және балалы болуға мотивтері жоғала бастайды) құндылықтар жүйесі ретінде түсіндіріледі.

Осыдан ажырасудың жоғары деңгейі, бір балалы отбасылар идеалының өрістеуі, өзіндік функцияларын отбасы мүшелерінің орындамауы, туыстық байланыстарды әлсіреуі, сонымен қатар отбасы іс – әрекетінің девиантты формаларының таралуы сияқты негативті құбылыстары кіреді. Осы кризисті ең біріншіден, қазақстандық депопуляцияның себебі көрінеді.

Жастар отбасын құрғанда өздерінің отбасылық бюджетін қалыптастыруда мемлекет тарапынан көмекке мұқтаж болады ма, әлде өздерінің кәсіби біліктіліктерінің арқасында құруға тырысады ма деген негізгі сұраққа жауап беріп өтелік. Заманауи некелердің көпшілігінде ажырасу процесінің орын алып отырғанын жоғарыда атап өттік. Осы мәселе отбасындағы бюджет қорына тікелей байланысты. Жас отбасылар некеге тұрып, шаңырақ көтеру барысында мемлекет тарапынан көмекке мұқтаж болатыны рас. Бірақ мемлекеттің жүзеге асырып отырған бағдарламалары оларды толық қамтамасыз етуге қауқарсыз болып келеді. Сол себепті жас отбасыларға өз отбасылық бюджетін құруда, өз мүмкіндіктерін толық пайдаланып қалыптастырған жөн.

Қорыта айтқанда, қазақстандық отбасы өтпелі кезеңдерде біршама ауыр жағдайларды бастан кешірді. Соның салдарынан бүгінгі күні көптеген өзекті мәселелер туындап отыр. Олардың шешу жолдары ретінде отбасы институтының маңыздылығын арттыру барысында әлеуметтік шаралар жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Қолданылған әдебиет

1. Жаназарова З.Ж., Сельская семья в период трансформации казахстанского общества - Алматы, 2010; Жолдубаева А.С. Современная семья как феномен культуры // Мысль – №5. -11-13 стр.; Баудиярова Қ.Б. Оңтүстік Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығы мен сақталу мәселелері - Алматы, 2009.
2. Жолдубаева А.С. Современная семья как феномен культуры // Мысль – №5. -11-13 стр.
3. Баудиярова Қ.Б. Оңтүстік Қазақстандағы бірұлтты және ұлтаралас некелердің тұрақтылығы мен сақталу мәселелері - Алматы, 2009.
4. Жаназарова З.Ж. Современная семья в Казахстане и ее проблемы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
5. www.stat.gov.kz/ ғаламтор ресурсы
6. Жаназарова З.Ж., Сельская семья в период трансформации казахстанского общества - Алматы, 2010.

10.6 Физическое воспитание, спорт и туризм в образовательных учреждениях

УДК 378.147:793.4 (=512.122)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ- ДӘСТҮРІ

Абильбаев Адильхан Серикбаевич

adik_94.01@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Әлеуметтік ғылымдар факультеті

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.С. Тасмағанбетов

Қай заманда болмасын бала тәрбиесі қоғамдық маңызды іс болып табылады. Көп ұлтты мемлекетіміз егемендік алғалы бері Қазақстанды мекендеуші халықтардың қандай ұлт өкілі екендігіне қарамастан, оның құқығы мен бостандығына нұқсан келтірместен, этникалық немесе нәсілдік белгісіне қарап кемістеушілікке жол бермейтін демократиялық бағыт ұсынып дамып келеді. Еліміздің осы бағытта тәуелсіз мемлекет ретінде дамуына үлкен үлес қосатын саланың бірі - еліміздің білім беру жүйесі. Қазақ халқының, өте әрідегі ата-бабаларының өмір сүрген кезінен бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі - ұлттық салт-дәстүр. Орыстың ұлы педагогы К.Д. Ушинский «Тәрбиенің көзін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіру керек, ол тілі және әдеп-ұрпы арқылы көрініс табады», - дейді. Ұлттық дәстүр халқымыздың сан ғасырлар бойы сұрыпталып қалыптасқан өмір сүру үрдісі. Осы қалыптасқан ұлттық салт-дәстүр арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық болмыс, ұлттық келбет, ұлттық мәдениет, ұлттық намыс т.б. ұлттық құндылықтарымыз егіліп, сіңіріліп отырған. Қазіргі жағдайда адамзат қауымының алдында саяси, экологиялық, экономикалық, рухани салаларындағы жағымсыз даму үрдістерін жеңу және прогрессивті, жасампаз үрдістерді қолдау мәселесі тұр. Бұл өзекті мәселе болып табылады. Оны ұлттық мемлекеттік деңгейде шешу білім беру жүйесінде салмақты реформалар жасауды, мақсаттар мен міндеттерді анықтауда адамгершілікке және